

ЖОБА

«КЕЛІСІЛДІ»

Шымкент қаласы денсаулық сақтау басқармасының
ШЖҚ «Қалалық перинаталдық орталық» МКК
Бақылау кеңесінің шешімімен
бекітілген
_____ қосымша



Шымкент қаласы денсаулық сақтау басқармасының
ШЖҚ «Қалалық перинаталдық орталық» МКК
Бақылау кеңесінің күндізгі отырысының
« 13 » 03 2026 жылғы
№ 04 хаттамасына

2026 жылға арналған
Шымкент қаласы денсаулық сақтау басқармасының
шаруашылық жүргізу құқығындағы
«Қалалық перинаталдық орталық» МКК
ақылы қызметтер көрсету және ақылы қызметтерден
түскен қаражатты пайдалану тәртібі туралы
ҚАҒИДАЛАР

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Ақылы қызметтер көрсету және ақылы қызметтерден түскен қаражатты пайдалану тәртібі туралы қағидалар (бұдан әрі – Қағидалар) Шымкент қаласы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қалалық перинаталдық орталық» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының (бұдан әрі – Кәсіпорын) ақылы қызметтер көрсету шарттары мен тәртібін, сондай-ақ ақылы медициналық қызметтерден түскен қаражатты пайдалану және бөлу тәртібін айқындайды және Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексіне, «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 29 қазандағы № ҚР ДСМ-170/2020 бұйрығына, Кәсіпорын Жарғысына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.
2. Ақылы медициналық қызметтер – кепілдендірілген тегін медициналық көмек көлеміне немесе міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне кірмейтін, пациенттердің жеке қаражаты, жұмыс берушінің қаражаты, ерікті медициналық сақтандыру қаражаты және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен төленетін медициналық қызметтер.
3. Ақылы медициналық қызметтер ауру бейіні мен медициналық қызметке берілген лицензияға сәйкес көрсетіледі.
4. Ақылы медициналық қызметтердің түрлері және бір қызметке арналған бағалар Кәсіпорын басшысының бұйрығымен бекітілген баға преysкурантында айқындалады.

2. АҚЫЛЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУДІҢ МАҚСАТЫ

1. Ақылы медициналық қызметтер көрсетудің негізгі мақсаты – Кәсіпорынның емдеу-диагностикалық жабдықтары мен кадрлық әлеуетін тиімді пайдалану арқылы халыққа қосымша емдеу-диагностикалық қызметтер көрсету, білікті медициналық көмекке деген қажеттілікті толық қанағаттандыру, дәрігерді еркін таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету, сондай-ақ Кәсіпорынның әлеуметтік және өндірістік дамуына және қызметкерлерді материалдық ынталандыруға қосымша қаражат тарту.

3. АҚЫЛЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ

1. Осы Қағидалар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес әзірленді және денсаулық сақтау субъектілерінің ақылы қызметтер көрсету шарттары мен тәртібін реттейді.
2. Ақылы қызметтер медициналық қызметтерді тұтынушылар болып табылатын жеке тұлғаларға (бұдан әрі – пациенттер) көрсетіледі.

3. Ақылы медициналық қызметтерді қаржыландыру көздері: азаматтардың жеке қаражаты, ерікті медициналық сақтандыру қаражаты, жұмыс берушілердің қаражаты және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер.
4. Қолма-қол есеп айырысу кезінде төлемдер фискалдық жады бар бақылау-кассалық машинаны міндетті түрде қолдана отырып, ақылы касса арқылы жүргізіледі және пациентке бақылау чегі беріледі.
5. Қолма-қол ақшасыз төлемдер Кәсіпорынның есеп айырысу шотына аудару арқылы жүзеге асырылады.
6. Ақылы негізде медициналық көмек алған пациенттерге Кәсіпорын мынадай құжаттарды ұсынуға міндетті:
 1. консультациялық-диагностикалық қызметтер көрсетілген кезде – медициналық қорытынды;
 2. стационарлық көмек көрсетілген кезде – медициналық картадан үзінді;
 3. көрсетілген қызметтердің құны туралы ақпарат.
7. Ақылы қызметтер келесі жағдайларда көрсетіледі:
 - пациенттің бастамасы бойынша;
 - дәрілік формулярға енгізілмеген дәрілік заттармен емдеу кезінде;
 - ГОБМП және МӘМС тізбесіне кірмейтін зерттеулер жүргізу кезінде;
 - медициналық көрсетілімдерсіз зерттеулер жүргізу кезінде;
 - жұмысқа немесе оқуға түсу үшін медициналық тексеру кезінде;
 - шарт негізінде медициналық көмек көрсету кезінде;
 - қосымша сервистік қызметтер көрсету кезінде.
8. Ақылы қызметтер Қазақстан Республикасының азаматтарына, шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға жасалған шарт негізінде көрсетіледі.

4. АҚЫЛЫ ҚЫЗМЕТТЕРДЕН ТҮСКЕН ҚАРАЖАТТЫ ПАЙДАЛАНУ

1. Ақылы қызметтерден түскен қаражатты пайдалану Кәсіпорынның бекітілген Даму жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.
2. Қаражат қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеуге, материалдық шығындарды өтеуге және үстеме шығыстарға бағытталады.
3. Материалдық шығындар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өтеледі.
4. Амортизациялық аударымдар негізгі құралдарды жаңартуға және жөндеуге пайдаланылады.

5. Үстеме шығыстар әкімшілік шығындарды, коммуналдық қызметтерді және өзге де қажетті шығындарды жабуға жұмсалады.
 6. Табыстылық Кәсіпорынды дамытуға және персоналды ынталандыруға бағытталады.
-

5. АҚЫЛЫ ҚЫЗМЕТТЕРГЕ ҚАТЫСАТЫН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҚАРАЖАТ БӨЛУ

1. Медициналық қызметкерлер ақылы қызметтер көрсетуге қатысуға құқылы.
 2. Ақылы қызметтерден түскен қаражаттың кемінде 40%-ы медициналық қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеуге бағытталады.
 3. Басшылық құрамға сыйақы төлеу Кәсіпорын басшысының шешімімен жүзеге асырылады.
-

6. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Қағидаларға өзгерістер мен толықтырулар Бақылау кеңесінің шешімімен енгізіледі.
2. Осы Қағидалармен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.